

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ БЕТАЛЫСЫ ҚАНДАЙ?

4-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



30 ЖЫЛДЫҚҚА – 30 АУЛА КЛУБЫ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



САХНАДА – «БЕЙБАРЫС СҰЛТАН»

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛУ ОНЫ ЖАРИЯЛАУМЕН НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН НАҒЫЗ КҮРЕС КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕКПЕН, ҮЗДІКСІЗ ӘРІ ДӘЙЕКТІ ЕЛДІК САЯСАТПЕН МӘҢГІ ЖАЛҒАСАДЫ. БІЗ ҚУАТТЫ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗБЕН ҒАНА ҰЛТ РЕТІНДЕ ЖЕР БЕТІНДЕ САҚТАЛАМЫЗ. ОСЫ АЙНЫМАС АҚИҚАТТЫ БЕРІК ҰСТАНУЫМЫЗ ҚАЖЕТ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ


№46 (4170)
Бейсенбі
22 сәуір
2021 жыл

Nur-Sultan

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT




# КӨШЕЛЕР САЛЫНЫП, ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ

Көктемнің ортасы болды. Қалада жол жөндеу жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп, көшелер салынуда. Биыл жолдарды орташа жөндеу 29,9 шақырымды құрайтын 61 көшеде жүргізіледі. Соның ішінде 36 көше (11,5 км) 9 тұрғын алапта орналасқан, 15 көше (16,1 км) – қаланың ортасында. Бұл жұмыстарға 5,5 млрд теңге бөлінген. Жолдар құрылысы мен көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған қаржы дұрыс игерілсе, қала аумағында қатты жабынсыз автожолдар саны 1,7 пайызға азаяды деп күтілуде. Сонда бұл 868,3 км жолдың 10,2 пайызын (немесе 86,19 км) құрайтын болады.

6

БІЛІМ




## МЕКТЕПКЕ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАЙДЫ

**Еліміз бойынша 20 күннің ішінде 1-сыныпқа қабылдау үшін 75 мыңға жуық өтініш берілді.**

«Алты жасар және осы жылы 6 жасқа толатын балалардың құжаттарын бірінші сыныпқа қабылдау науқаны жалғасып жатыр. 20 күннің ішінде 75 мыңға жуық өтініш келіп түсті» деп мәлім етті Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі.

Өтініштерді қабылдау электрондық форматта eGov.kz арқылы жүргізілуде.

«Қызыл аймақта» орналасқан өңірлерде тұратын ата-аналар медициналық анықтамаларды оқу жылының басталуына дейін тапсыра алады. Айта кетсек, 1 сәуірден бастап бірінші сыныпқа құжаттар қабылдау онлайн түрде жүргізіліп жатыр.




«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



ТОЛЫҚ ЕКПЕ АЛУ ҮШІН СІЗ ЕКІ КЕЗЕҢНЕН ӨТУІҢІЗ КЕРЕК
1 КЕЗЕҢ – 21 КҮН – 2 КЕЗЕҢ

COVID-19 ВАКЦИНАСЫНА АДАМДАР ЖАППАЙ ӘРІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ТЕГІН ЕГІЛЕТІН БОЛАДЫ

СІЗ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІҢІЗ БОЙЫНША ЕМХАНАДА КВИ-ГЕ ҚАРСЫ ЕКПЕ АЛА АЛАСЫЗ

ВАКЦИНАЛАУ ТЕГІН




«СПУТНИК» ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМ КЕМІНДЕ 21 КҮННЕН СОҢ КЕЛЕСІ ДОЗАНЫ АЛУЫ ТИІС


## КОММУНАЛДЫҚ СЕНБІЛІКТЕР ЖАЛҒАСАДЫ

**Нұр-Сұлтанда коммуналдық сенбіліктер басталғаннан бері 940 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Қаланы қыстан кейінгі тазалау жұмыстарына 1900-ге жуық кәсіпорындар мен ұйымдар қатысты.**

Биыл елорданың экологиясын жақсарту және қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау үшін 1 миллионға жуық жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр. Тазалық және абаттандыру жұмыстары 24/7 режимінде жүргізіледі.

Күн сайын 2 200-ден астам жол жұмысшы және бір мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылады. Олар көпірлерді, қоршауларды, жол белгілерін жуу, қоғамдық орындарда, саябақтар, скверлер, бульварлар, аулаларда тазалық жұмыстарын жүргізу, орамішілік абаттандыру, қурап қалған бұтақтарды кесу сондай-ақ жолдарды ұзаққа созылған қыстан кейін арнайы сусабынмен жуу сынды жұмыстарды атқаруда.



№46 (4170) 22/04/2021 Бейсенбі

## ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетовті қабылдады. Мемлекет басшысына еліміздегі заңдылық пен құқық қорғау саласының ахуалы, прокуратура органдарының бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстарының қорытындылары туралы баяндалды. Президентке қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшудің бірінші кезеңін іске асыру нәтижелері туралы ақпарат берілді. Ғизат Нұрдәулетовтің айтуынша, сотқа дейінгі тергеу органдары прокурорлармен негізгі шешімдерін келісудің арқасында азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу 33 пайызға азайған. Мемлекет басшысына кәсіпкерлерді мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау, прокурорлық қадағалауды бизнестің проблемаларын тиімді шешуге қайта бағдарлау бойынша берілген тапсырмаларды орындау жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы айтылды. Бас прокурордың сөзінше, жыл басынан бері 22 мың кәсіпкердің құқығы қорғалған, 357 заңсыз тексеру мен мемлекеттік органдардың 56 актісі жойылған. Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның барлық саласында заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтіп, Ғизат Нұрдәулетовке бірқатар тапсырма берді.

***

Мемлекет басшысының өкімімен Марат Алмасұлы Әзілханов Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

## ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. Палата спикері Нұрлан Нығматулин білімді дамыту, білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында ешқандай кедергі болмау керектігін айтты. «Себебі бұл – біздің ұлтымыздың, еліміздің болашағы. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы білім, соның ішінде, ерекше білім беру талаптарын жетілдіру туралы арнайы тапсырма берген болатын. Осыған орай әзірленіп, бүгін мақұлданған заң жобасында бірқатар маңызды сұрақтар қамтылып отыр» деді. Енді инклюзивті білім беруге заманға сай стандарттар енгізіледі. Бұл жолы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тұрғылықты жері ескеріледі. «Заң жобасы мүмкіндігі шектеулі балаларға басқалармен бірдей сапалы білім алуға, осы саланы білікті мамандармен қамтамасыз етуге, инклюзивті білімді жоғары деңгейде ұйымдастыруға жол ашады» деді Н.Нығматулин.

## ҮКІМЕТ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай қаралды. Қазіргі жағдай, халықты вакциналау барысы және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов, Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрымов баяндады. Вирустың репродуктивті көрсеткіші республика бойынша 1,065 құрайды. Инфекциялық төсек орындарының жүктемесі – 41%, реанимациялық төсек орындары – 27%. Қазіргі уақытта Covid-19 таралу қарқыны бойынша «қызыл аймақта» Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Ақтөбе облыстары тұр. Қостанай және Түркістан облыстарын қоспағанда, қалған барлық өңірлер – «сары аймақта». «Халықты, әсіресе, қамтылуы төмен өңірлерде вакциналаумен қамтуды кеңейту қажет. Ай сайын 2 млн адамды вакцинамен қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды нақты орындау керек» деді А.Мамин.

# ДАҒДАРЫС ШЫНДЫҚҚА ЖАҢА КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Боао азиялық форумына қатысушыларға бейнеүндеу жасады.**

Боао азиялық форумының пленарлық сессиясында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бейнеүндеуі көрсетілді. Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, биылғы конференция «Өзгеріп жатқан әлем: «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде бірлескен күш-жігермен жаһандық басқару мен ынтымақтастықты дамыту» деген тақырыппен өтті.

Форумды Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің арнайы бейнеүндеуі ашты. Ол өз елінің сыртқы әлемге ашықтық саясатын жалғастыратынын мәлімдеді және серіктестерді жоғарыда аталған Бейжің бастамасының барлық мүмкіндіктерін бірлесе тиімді пайдалануға шақырды.

Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде соңғы жиырма жыл ішінде тек Азияның ғана емес, бүкіл әлем дамуының өзекті мәселелерін талқылау үшін маңызды халықаралық алаң ретінде қалыптасқан Боао форумы жұмысының маңыздылығын атап өтті.

Елбасының айтуынша, COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі күнделікті шындыққа терең өзгерістер енгізіп, халықаралық қоғамдастық үшін бірқатар елеулі саяси, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық сын-қатерлерді әшкереледі. Сонымен бірге дағдарыс адамзатқа қоршаған шындыққа жаңа көзқараспен қарауға және бүгінгі күні өзі үшін бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Н.Назарбаев атап өткендей, «пандемия қиын кезеңдерде мемлекеттің маңызды рөлін көрсетті – биліктің тиімді шараларының арқасында көптеген елдер жағдай дамуының жағымсыз сценарийлерінің алдын алды».

Бұл ретте баршаның планетамыздың «бағалануы және қорғалуы керек» өте нәзік организм екендігіне көздері жетті. Пандемия жағдайында жаһандану және елдер мен халықтардың өзара әрекеттесуінің басқа процестері баяулады, адамдар арасындағы сенімсіздік өсіп, бұл жаһандық экономика мен саясатқа теріс әсер етеді.

«Біз бүкіл әлемде протекционистік көңіл-күйдің өсуін көріп отырмыз. Халықаралық экономикалық қатынастарға сыни әсер ететін саяси негізделген шешімдер енгізілуде. Біз әлемді өзімшіл біржақты шешімдердің бұралымына батыруға жол бермеуіміз керек» деді Елбасы.

Оның айтуынша, «халықаралық келісімдердің жаңа қағидаттары тең және жауапты серіктестердің өзара іс-қимыл рухында болуы тиіс». Әрбір елдің мәдени, әлеуметтік және саяси дәстүрлерін, экономикалық ерекшеліктері мен құндылықтарын өзара құрметтеу олардың негізі болуға тиіс. Пандемия «бәсекелестік әлемі мен ынтымақтастық әлемі арасындағы таңдаудың қажеттілігін» айқын көрсетті.

Елбасы атап өткендей, «індетті жаһандық бақылаусыз қалдыру жекелеген елдердің табысы болашақта қажетті нәтиже бермейді». «Адамзат үшін жаһандағы жаппай вакцинация мәселесін шешудегі вакциналарды өндірушілер мен үкіметтердің ынтымақтастығы маңызды. Бұл мәселеде бәсекелестік пен саясиландыру кері әсер етеді» деп атап өтті ол.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысты Н.Назарбаев оны ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы еліміздің астанасында ұсынғанын еске салды. «Қазақстан үшін бұл бастама жаңа мүмкіндіктер терезесіне айналды. Бүгінде мемлекетіміз арқылы Азия мен Еуропаны, Солтүстік пен Оңтүстікті, Тынық мұхитын Атлант және Үнді мұхиттарымен байланыстыратын қысқа жолдар өтеді» деп атап өтті Елбасы.




Бүгінгі күні Қазақстан арқылы 11 трансұлттық маршрут салынды, оның ішінде ұзындығы 2700 км «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобанын қоса алғанда, 5 теміржол және 6 автомобиль жолы, Қазақстаннан Парсы шығанағына және Оңтүстік Азияға баратын темір жолдар. «Осының барлығы елімізде бәсекеге қабілетті транзиттік хаб құруға мүмкіндік берді. Енді еліміз арқылы Азияның кез келген нүктесіндегі тауарлар Солтүстік Еуропа қалаларына екі аптаның ішінде жете алады. Осының арқасында 2020 жылғы дағдарыста да Қазақстан арқылы «Қытай – Еуропа – Қытай» бағыты бойынша контейнерлік тасымалдардың өсуі 60%-дан астамды құрады» деп атап өтті Н.Назарбаев.

Соңында Елбасы «өткен жылдар ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасы ынтымақтастық пен жаһанданудың алдыңғы қатарлы идеяларын ілгерілету үшін өзінің өміршеңдігі мен маңыздылығын дәлелдегенін» атап өтті.

Форумда Бруней, Вьетнам, Индонезия, Корея Республикасы, Лаос, Сингапур, Чили және Шри-Ланка елдерінің басшылары да сөз сөйлегенін атап өткен жөн.

Боао азиялық форумы (БАФ) – өңірлік экономикалық интеграцияны және Азия мемлекеттерінің бірлескен дамуын, оның ішінде осы мақсатта көрнекті саясаткерлердің, бизнесмендердің, ғалымдардың, сарапшылар мен БАҚ-тың қатысуымен жыл сайынғы халықаралық конференцияны ұйымдастыру арқылы ілгерілетуге жәрдемдесуге арналған үкіметтік емес және коммерциялық емес халықаралық ұйым. Биыл БАФ өзінің 20 жылдығын атап өтеді. Форумның құрылтай сессиясы 2001 жылғы 26 ақпанда Боао қаласында (Хайнань провинциясы, ҚХР) өтті.



# ҚАСИЕТТІ АЙДАҒЫ ҚАЙЫРЫМ

**Нұр-Сұлтан қаласы Nur Otan партиясының филиалы, БАӘ-нің Елшілігі мен «UMMET» қоғамдық қоры бірлесіп, «Рамазан сыйлығы» қайырымдылық жобасын ұйымдастырды. Қасиетті айдағы қайырымды жоба ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен «30 игі іс» акциясы аясында іске қосылды.**

Жоба аясында әлеуметтік осал топ өкілдеріне 100-ге жуық азық-түлік себеттері таратылады. Олардың ішінде көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттіліктері бар балалары тәрбиелеп отырған отбасылар, толық емес отбасылар және жалғызбасты ардагерлер бар. Ал бір азық-түлік себетіне ұн, күріш, макарон, қант, күнбағыс майы, тұз, шай және тағы басқа керекті заттар салынған. «Қала әкімінің бастамасымен өткен айдан бастап қайырымдылық шараларын бастап кеттік. Акция аясында елордалық төрт жарым мың мұқтаж отбасына азық-түлік әпердік. Рамазан айында «UMMET» қоғамдық қоры бірлесе отырып 100 отбасына көмектесуді қолға алдық. Қандай қиын жағдай болмасын еліміздің бірінші партиясы әрқашан халықпен бірге. Қайырымдылық шаралар қоғам өкілдерін біріктіретін үлкен күш» деді Nur Otan партиясының қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары Сақтаған Сәдуақасов.

Шараға қалалық мәслихат хатшысы Е.Каналимов және «UMMET» қоғамдық қорының директоры Ш.Мұхамедамин қатысып, қайырымдылық акциясының өзектілігіне тоқталды.

# ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

**Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Азамат Байтасов мәлімдеді.**

«Жұмыспен қамту» жол картасы – бұл жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу және жұмыс орындарын сақтау мақсатында іске асырылатын, дағдарысқа қарсы әзірленген бағдарлама. Бұл бағдарлама бойынша инфрақұрылымдық жобалар іске асырылады. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында 21 инфрақұрылымды жоба жоспарланып отыр. Бағдарлама аясында 1006 адамды жұмыспен қамтимыз. Бұл ретте Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналасатын адамдар саны 500-ден асуы керек» деді Азамат Байтасов кеше елорда әкімдігінде өткен баспасөз мәлихатында.

Елордада жыл сайын 168 мың азамат әлеуметтік қолдаумен қамтылады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының орынбасары Бақтияр Ғарифуллин хабарлады.

«Нұр-Сұлтан қаласында жыл сайын 168 мыңнан астам азамат әлеуметтік қолдаумен қамтылады. Олар: зейнеткерлер, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері, мүгедектер, мүгедек балалар, көпбалалы отбасылар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған аналар, аз қамтылған отбасылар. Мейрамдар мен атаулы күндерде біррettік төлем түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі. Көмектің бұл түрін елорданың шамамен 134 мың тұрғыны Жеңіс күнінде және басқа да мерекелерде алады. Жергілікті өкілдік органдардың шешімімен 120 мыңнан астам адам өмірлік қиын жағдайға тап болған кезде әлеуметтік көмекті, ЖОО-ға оқу ақысы төлемін, қатты отын салып алуға, газдандыруға қосылуға әлеуметтік көмекті, ауыз қуысын протездеу алдында жақсарту және тісті протездеу көмегін тегін алады» деп түсіндірді ол.

Құзырлы мекеме өкілі 19-23 сәуірде тісті тегін протездеуге «Стоматология оқу-клиникалық орталығы» ЖШС-інде жазылу жүргізіліп жатқанын баяндады. Жазылу аудандар бойынша мына телефондар арқылы жүргізіледі: Алматы ауданы – 37-03-92, Байқоңыр ауданы – 38-22-45, Есіл ауданы – 31-32-08, Сарыарқа ауданы – 39-79-49. Сонымен қатар ол Еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы электронды форматта фронт кеңсе жобаларын енгізу бойынша мемлекеттік қызметтің 19 түрін көрсететіндігін айтты. Қызметтік кабинеттер open space форматында жабдықталған. Жыл басынан бері 45 мың мемлекеттік қызмет, оның ішінде 37 мыңнан астам қызмет онлайн форматта көрсетілді.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

**Файзолла ҚАМЕНОВ, Мәжіліс депутаты:**

**«Жылда ерте көктемде болып жататын су тасқындары – заңды құбылыс. Тәуелсіздік алғалы болған су тасқындарының ең қайғылысы – бір ауылды тып-типыл еткен Қызылағаш су қоймасының жарылуынан болған апат. Одан кейін Қарағандыдағы су қоймасында тасқын болды. Су қоймаларына қатысты көңіл алаңдатарлық ғана емес, дабыл қағарлық мәліметтер көп. Өкінішке қарай, тиісті шаралар атқарылмай жатыр. Апат айтып келмейді. Мәселен, халық «Шардара» су қоймасының жағдайының мәз еместігін, қауіптің зор екенін айтып, дабыл қағуда. Су қоймасының су жинау мүмкіндігі 5 миллиард 200 миллион («Сардобанікі» – 900 млн текше метр) текше метр. Ол қайтадан күрделі жөндеуден өтпесе, өзінен 110 км төменде жатқан «Көксарай» су қоймасын қосып алып кетеді. Екеуін қосқан кезде шамамен 8 миллиард 200 миллион текше метр су болады. Бұл судың көлемі «Қызылағаш» су қоймасынан 273 есе көп».**

(21.04.2021. Премьер-министрдің орынбасары Р.Склярға жолдаған депутаттық сауалынан алынды)

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### РИМ

Италия астанасында жаңа туған сәбиден коронавирусқа қарсы антидене анықталды. Дәрігерлердің айтуынша, анасы жүктілігінің жетінші аптасында вакцина алған. Кейін жанама еш әсерлері байқалмапты. Қазір нәрестедегі антиденелер анасынікімен бірдей. Денсаулығына еш қауіп төніп тұрған жоқ. Бұл жағдай әлем дәрігерлерін елең еткізді және италиялықтардың көпшілігі вакцинаға сене бастады. Италия – коронавирустан ең көп зардап шеккен ел. Сондықтан ел экономикасын тез арада қалыпқа келтіру үшін тұрғындардың жартысы екпе алуы тиіс.



### БЕЙЖІҢ

Қытайда құмырсқалардан қорғану үшін арнайы заң қабылданды. Биоқауіпсіздік туралы заңда ауыл шаруашылығы министрлігі қызыл отты құмырсқадан қорғанудың кешенді шараларын көрсеткен. Құмырсқалардың бұл түрі зиянкестердің бірі болып саналады, өйткені ол дақылдарды жояды, сонымен қатар адамдар үшін де аса қауіпті. Құмырсқа тістегеннен кейін адамның температурасы көтеріліп, басы айналып, сандырақтап, аллергия тудырып, соңында өліммен аяқталуы да мүмкін. Статистика бойынша жыл сайын жарты миллионнан астам қытайлық құмырсқадан зардап шегеді екен.



# МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР ТОЛЫҚ ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ

**Елорда әкімдігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті цифрландыру бойынша «Адалдық алаңының» қызметі талқыланды. Жиынға Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен және қалалық басқарма басшылары қатысты.**



karkynkktem@gmail.com

**Көктем ҚАРҚЫН**

Бақтияр Мәкеннің айтуынша, елордада барлық мемлекеттік мекемелер қызмет көрсетуді толығымен цифрландырған. «Қала қауіпсіздігі, білім беру, медицина салалары бойынша цифрландыру жұмыстары нәтижелі жүргізілді. Бүгінгі таңда тұрғындарға 159 қызмет түрі электрондық форматта көрсетіледі. Менің ойымша, жасалып жатқан жұмыстар халық үшін қолайлы. Бұған дейін азаматтар мекемеге қоңырау шалып, құжатын тасып жүрсе, енді барлығы компьютердің көмегімен тез-ақ істеледі. Елордалық мектептер 100% компьютермен жабдықталған. Мектеп асханалары да төлемді электронды қабылдайтын болады. Денсаулық сақтау саласында электронды паспорт жасалды. Деректерді уақытында цифрландырғанымыз вакцинация процесін едәуір жеңілдетті. Егер адам басқа аймақтан келсе, төлқұжаты арқылы да оның медициналық тарихын дәрігерлер көре алады» деді ол.

Осы жылдың бірінші тоқсанында «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі дәріханаларға мониторинг жүргізген. «Карантин енгізілгеннен бері қалалық мәслихат депутаттары бірнеше рет қоғамдық нысандарға тексеру жүргізді. Ауа райының жылуына байланысты жобалық кеңсеге тұрғындардан арыз-шағым жиі түсті. Соған орай арнайы мониторинг жүргізіп, жауапты органдарға сұраныс жібердік. Жол сапасына баса назар аударып отырмыз. Онлайн форматта мектеп оқушыларына «Адалдық алаңы» тәрбие сағаттарын өткізуді де қолға алдық. Жақында «Astana - adaldyq alany» жобасы мен елордалық мәслихат арасында меморандумға қол қойдық. Меморандум аясында сыбайлас жемқорлықпен күресте бірлесе қызмет жасамақпыз» деді «Astana - adaldyq alany» жобасының жетекшісі Бақдәулет Жандилдаев.

Қала әкімінің орынбасары басқарма басшыларына отырыста талқыланған маңызды мәселелерді өзге де қызметкерлерге жеткізуді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды тапсырды.

# ОНЛАЙН СЕМИНАР ОЙ САЛДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында онлайн семинарлар сериясы өтіп жатыр. Іс-шара «Рухани жаңғыру» сананың ашықтығын оқыту семинар-тренингі аясында ұйымдастырылды.**

Алғашқы семинар «Саяси мәдениет» тақырыбында өтті. Саясаттанушы Индира Рыстина баяндама жасады. ZOOM платформасы арқылы өткен шараға М.Нәрікбаев атындағы KAZGUU қызметкерлері белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды. Іс-шараның басты мақсаты – «Құқықтық мәдениет» атты арнайы жоба аясындағы саяси жүйе құрылымын түсіндіру, саяси сауаттылықты арттыру.

Семинарлар сериясы әрі қарай «Тіл және мәдениет» оқыту дәрісімен өрбіді. Бұл басқосуда ғалым Серікзат Дүйсенғазы тіл саласында баяндама жасады. Онлайн жиында жұртшылықтың ой-пікіріне құлақ түріп, туындаған сауалдарына жауап берді. Семинардың үшінші күні қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы жетекшілік етіп, «Білімнің салтанат құруы» тақырыбында әңгіме өрбітті.

# КИНОТЕАТРЛАР АШЫЛДЫ

**Елордада кинотеатрлар Ashyq жобасына қатысу арқылы жұмыс күндері, сондай-ақ демалыс күндері жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Бұл жайында Нұр-Сұлтан қалалық кәсіпкерлер палатасы мәлімдеді.**

Осы аптада «Asia Park» сауда және ойын-сауық орталығында орналасқан «Арман» кинотеатры, «Аружан» сауда және ойын-сауық орталығындағы «ARU Cinema» кинотеатры, «Сарыарқа», «Керуен» және «Keruen City» сауда және ойын-сауық орталықтарындағы «Kinopark» кинотеарлар желісі, «TALAN GALLERY» нысанындағы «KERUEN CINEMA» кинотеатры көрерменге өз есіктерін айқара ашты. Сонымен қатар «Movie Room» жұмысын жандандырды. Өткен аптада жобаға Chaplin кинотетарлар желісі де қосылды.

«Кинотеатрлар қажетті тіркеу және нұсқаулардан өтіп, QR-код алды. Енді санитар дәрігер жазған қауіпсіздік шараларын сақтап, апта бойы жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Міндетті талаптар қатарында – келушілерді әр екі орындық сайын шахмат тәртібінде отырғызу бар, жалпы толымдылық 30 пайыздан аспауы тиіс. Сонымен қатар маска кию – келушілер мен персоналға қойылған міндетті талап. Нысандар ішінде санитарлық өңдеу жүргізіліп отыруы керек» деді Нұр-Сұлтан қаласы өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Куанышбек Мұқаш.





# ВЕЛОСИПЕД МІНСЕҢІЗ, ДАЙЫН

**Бүгінде елордадағы 154 велостанцияның 76-сы жұмыс істей бастады. Қазір қалада барлығы 400 велосипед қолжетімді.**

Республика, Сарыарқа даңғылдары мен С.Сейфуллин көшесінде жаңадан 14 велостанция ашылды. Сәуір айының соңына дейін қаладағы барлық 154 станцияны іске қосу жоспарланып отыр. Жұмыс істеп тұрған велостанцияларды www.velobike.kz сайтынан көруге болады. Олар көк түспен боялады. Абонементтерді сатып алу, веложалдау бойынша барлық ақпарат та осы сайтта қолжетімді.

# ЕРЕЖЕГЕ СӘЙКЕС СЕРУЕНДЕТЕДІ

**Өткен аптада елордада ит пен мысық асырау ережелерін бұзғаны үшін 17 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.**

Табиғатты қорғау полициясы Нұр-Сұлтан қаласының төрт ауданында иттер мен мысықтарды серуендету және ұстау ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Тұрғындарға түрлі жадынамалар мен буклеттер табыс етілді. Тиісті ережелер бұзылған жағдайда заңға сәйкес 408-баб бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны ескертілді.

Қағидаларды бұзғаны үшін (иттерді байлаусыз ұстағаны себепті) осы жылдың 14-20 сәуірі аралығында 17 жеке тұлға, 2021 жылдың басынан бастап барлығы 296 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Иелері кез келген тұқымды иттерін (иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін ит тұқымдарын қоспағанда) тыйым салу белгісі орнатылмаған орындарда тұмылдырықсыз, тізгіндеп серуендетуі тиіс. Бұл ретте жануардың иесі өзімен бірге тұмылдырықты алып жүруі міндетті, қажет болған кезде дереу итке тағылуы тиіс. Сондай-ақ айналасындағыларға кедергі келтірмеу керек.

## БІШКЕК

Қырғызстан билігі Бішкекте Жеңіс күнін тойлаудан бас тартты. Оған себеп – бас қаладағы коронавирус бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдайдың туындауы. «Қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін 29 сәуір мен 9 мамыр – Жеңіс күніне орай бұқаралық шаралар өткізбеу туралы шешім қабылданды» деп хабарлайды үкіметтің баспасөз қызметі. Бұл шешім қалалық эпидемияға қарсы және эпизоотияға қарсы төтенше комиссияның отырысында қабылданды, онда бұқаралық іс-шараларды өткізу туралы мәселе қаралды.



## НЬЮ-ДЕЛИ

Үндістанда көмір энергиясын пайдалану бойынша жаңа жоба іске асады. Ел билігі көмір электр станцияларының санын көбейту мүмкіндігін қарастыруда. Өйткені көмір – әлі де электр энергиясының ең арзан көзі. Үндістан – Қытай мен АҚШ-тан кейінгі әлемдегі көмірқышқыл газының үшінші ірі орталығы. Өткен айда Coal India мемлекеттік тау-кен компаниясы жалпы құны $6,4 млрд құрайтын 32 жаңа көмір өндіру жобасын мақұлдады, себебі ел көмір импортына тәуелділікті азайтқысы келеді.

## ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

**– Жыл сайын қасиетті Рамазан айында елордалық мешіттер жамағатқа ауызашар беретін еді. Биыл сауапты істен құр қалмай көпшілікке қалай ауызашар бере аламыз?**

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

*– Қасиетті Рамазан айында елорданың дін істері жөніндегі басқармасы мен діндерді зерттеу орталығы «Нұр-Астана» мешіті ұжымымен бірлесіп, аузы берік мұсылмандарға ыстық тамақ таратып жатыр. Егерде сіз ауызашар беруге ниетті болсаңыз сол мекемелерге тікелей хабарласып, осы үрдіске қосыла аласыз. Барша мұсылман үшін бұл ай – жақсылық пен ізгілік айы. Ислам дінін ұстанушылар қайырымдылық жасап, сауап жинауға тырысады. Сол себепті де, қайырымды жандар мұқтаж жандарға көмек қолын созып, жақсылықтың жаршысы атануға ниетті. Қаладағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты мешіттерде жылдағыдай ауызашар өткізілмейді. Сондықтан карантин талаптарын сақтай отырып, әрбір адамға жекелеген тамақ бокстары жеткізіледі. Сонымен қатар, мешіттерде тарауық намазы мен жұма намазы да оқылмайды. Рамазан айына байланысты ақпаратты немесе дін саласына қатысты қандай да бір сұрақ пен ұсыныс болса, iKomek109 нөміріне хабарласуға болады, қоңырау шалу тегін.*

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Арыстан МҰРАТБЕКОВ, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:**

**– Жанармай бағасының қымбаттап жатқанын көріп жүрміз. Бұл өзгеріс азық-түлік бағасына әсер ете ме?**

***Оқырман сауалына қалалық инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ерлан Бекмырзаевтың жауабын ұсынамыз.***

– Елордадағы азық-түлік бағасы іргелес облыстардағы фермерлердің жағдайына байланысты. Бізде, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша фермерлер жоқтың қасы. Сондықтан баға мәселесі басқа өңірлердегі фермерлердің экономикалық жағдайына келіп тірелуі мүмкін. Бізге өнімнің барлығы азық-түлік белдеуінде жатқан Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Түркістан облыстарынан келеді. Яғни транспортпен тасымалдау құны әсер етпесе одан басқа әсерін көріп отырған жоқпыз. Жанармай бағасы азық-түлік бағасына әсер ете қалған күннің өзінде бұл шаруа министрлік деңгейінде шешілетін болады. Біз азық-түлік бағасына қатысты ғана шара қолдана аламыз. Жанар-жағармайдың бағасы министрлік тарапынан қадағаланады.

## АСТАНА АУДАНЫ

**Байқоңыр ауданында «Сапалы жол» жобасы аясында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті аудан әкімі аппаратының өкілдерімен, сондай-ақ қоғам өкілдерімен бірлесіп, Кирпичный шағын ауданындағы нөсер кәріздерінің жағдайына мониторинг жүргізді.**

Жүргізілген мониторинг барысында еріген судың болуына және асфальтбетон жабынының бұзылуына байланысты жол жабынының сапасына әсер ететін тазарту құрылыстарын күтіп ұстау бойынша мердігерлік ұйымдардың сапасыз жұмыс істеу фактісі анықталды. Кирпичный шағын ауданы аумағындағы тазарту құрылыстары қала балансына берілмегенін атап өту қажет. Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша Байқоңыр ауданы әкімінің аппаратына анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау және мердігерлік ұйымдардың қызметіне бақылауды күшейту ұсынылды.

## ӨҢІР ӨМІРІ

**Семейде ең заманауи технологияларды қолдана отырып, онкологиялық ауруларды диагностикалау және емдеуге арналған Қазақстандағы алғашқы Ядролық медицина орталығы ашылды.**

Орталықтың іске қосылуы үш кезеңдік жоспарға сәйкес біртіндеп жүзеге асырылады. Бірінші кезең аясында жұмысқа радиоизотопты диагностика бөлімі кіріп отыр. Онда орнатылған ОФЭКТ (бір фотонды-эмиссиялы компьютерлі томография) және компьютерлі томографпен біріктірілген ОФЭКТ мамандарға адам ағзасындағы қатерлі дерттерді бастапқы сатысында анықтауға және басқа да патологияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Бірфотонды эмиссиялы компьютерлі томография – бұл диагностиканың заманауи ақпараттық әдісі. Зерттеу 99mTc негізіндегі радиофармпрепараттардың көмегімен жүзеге асырылады.

ОФЭКТ жұмыс принципі – обыр жасушаларын қадағалау. Өйткені өзгеріске ұшыраған жасушаларда, тіпті ісік пайда болғанға дейін зат алмасу қалыптан тыс жүреді. Оларды анықтауға пациенттің қанына енгізілетін арнайы препараттар көмектеседі.

**Беттерді дайындаған Темірхан РАХМЕТУЛЛИН**

№46 (4170) 22/04/2021 Бейсенбі

# КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ БЕТАЛЫСЫ ҚАНДАЙ?

**Елордада қазір 26492 адам техникалық және кәсіптік біліммен қамтылған. Соның 14085-і мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытатын 34 колледжде оқиды. Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2019-2021 жылдарға арналған жоспары бекітілген. Басым бағыттардың бірі – дуальді оқытудың тетігін жетілдіру.**



amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

### ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ УАҚЫТЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІНЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысында осыны қалалық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Шәкәрім Сейсенбай баяндады. Аталмыш жиын бас қалада дуальді оқытуды дамыту және колледж түлектерін жұмысқа орналастыру мәселелеріне арналды.

– Қазіргі таңда қаладағы 26 колледж 34 мамандық және 60 біліктілік бойынша дуальді оқытуды енгізді. Осы оқытуға шаһардың 189 кәсіпорнын тарту арқылы 3575 студент бұл оқумен қамтылды. Яғни, мемлекеттік тапсырыс шеңберінде дуальді оқытуға іліккен колледж студенттерінің үлесі – 24,7 пайыз. Соңғы бес жылда дуальді оқытумен қамтылған студенттердің саны 3424 адамға артты. Мәселен, 2016 жылы бұл жүйеде 151 студент қана тіркелген еді, – деді Ш.Сейсенбай.

Оның айтуынша, Білім басқармасы, Кәсіпкерлер палатасы, оқу орындары мен жұмыс берушілер арасында өзара ынтымақтастық, жұмысқа орналасу және өндірістік практикадан өту туралы 312 меморандумға қол қойылған. Орташа алғанда бір оқу орны 30 кәсіпорнымен келісімшартқа отырған. Бірақ әлеуметтік серіктестер одан да көп болуы мүмкін. Мысалы, технологиялық колледжде 52 серіктес, қоғамдық тамақтану және сервис колледжінде 38 серіктес бар.

– «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, дуальді оқытуға қатысатын кәсіпорындардың 97 пайызының колледж түлектерінің даярлығына көңілі толады. 2020 жылы қала колледждерін 6603 түлек бітірді. Соның 6081-і немесе 92 пайызы жұмысқа орналасты. Былтыр дуальді оқытумен жиыны 728 адам қамтылды. Осылардың жұмыспен қамтылу деңгейі – 91 пайыз. Қазіргі кезде Білім және ғылым министрлігінің 50-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Соған сәйкес дуальді оқыту кезінде студенттердің өндірістік тәжірибеден өту уақытын еңбек өтіліне қосу жоспарланып отыр. Бұл шара колледж түлектерінің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады, – деді басқарма басшысының міндетін атқарушы.

Баяндамашы бұл бағыттағы шешілуі тиіс мәселелерді де жасырмады. Соның бірі – орта және шағын бизнес кәсіпорындары колледж түлектерін тобымен немесе шағын топпен жұмысқа қабылдай алмайды. Яғни, осындай бір кәсіпорынға екі-үш түлек қана жұмысқа тұра алады. Кәсіпорындар жанындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыру орталықтары да жеткіліксіз.

### ЛОГИСТИКА – ЖАҢА МАМАНДЫҚ

Елордадағы жоғары көлік және коммуникация колледжінің дуальді оқытуды енгізгеніне он жылға жуықтады. Осы оқу орнының директоры Зұлпыхар Ғайыпов колледждің бұл бағыттағы тәжірибесімен бөлісті.

Оның айтуынша, колледж осы тараптағы жұмысты 2012 жылы бастаған. Сол жылдың қараша айында Білім және ғылым министрлігі, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және колледж арасында үш жақты келісім жасалды. Сол арқылы дуальді оқыту төрт мамандық бойынша жүргізіле бастады. Бұл – электрмен қамтамасыз ету, теміржолдың жылжымалы құрылымдарын пайдалану және жөндеу, теміржол көлігімен тасымалды ұйымдастыру және осы көлікті басқару, теміржолда жолдар мен жолдар шаруашылығы құрылысы мамандықтары.

– 2017 жылы біздің колледжді 179 түлек бітірді. Олардың барлығы келісімшартқа сәйкес «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының бөлімшелеріне жұмысқа орналасты. Бүгінгі таңда осы төрт мамандыққа тағы екі мамандық қосылды. Оның біріншісі – есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, екіншісі – логистика. Бұл – жаңа мамандық. Сонымен қазір колледждегі 14 мамандықтың алтауы бойынша дуальді оқыту жүргізіліп жатыр. Дуальді оқытудың мақсаты – теориялық білім ғана емес, өндірісте тәжірибе жинақтау, – деді З.Ғайыпов.

Бір жақсысы, осы оқыту арқылы белгілі бір кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өтетін аталмыш колледж студенттері студент кезінен жұмысқа қабылданып жатыр. Оқу жоспары да әлеуметтік серіктестермен бірге бекітіледі. Қазір 9 студент бас қаладағы электровоз құрастыру зауытына жұмысқа тұрған. Әрқайсысы 120 мың теңге көлемінде өтемақы алады.

Колледж директоры дуальді оқытудың артықшылықтарын да атап өтті. Оның пікірінше, біріншіден, студенттер ерте бастан еңбек етуге бейімделеді. Екіншіден, түлектердің жұмысқа тұру мүмкіндігі артады. Ал үшіншіден, жұмыс беруші студенттің өндірістік тәжірибеден өту кезінен оның өзін көрсетуіне қарай керек маманды таңдай алады.

– Дуальді оқытудың әлсіз тұстары да бар. Кәсіпорындар кадрларға деген қажеттілікті болжай алмайды. Оларда сондай арнайы бөлім жоқ. Бұл – тиісті кәсіпорындарда ғана емес, жалпы алғанда қалалық, тіпті, мемлекеттік деңгейдегі үлкен проблема. Индустрия саласындағы шағын кәсіпорындардың дуальді оқытуға қызығушылығы төмен. Бұл да – бір мәселе. Бизнес өкілдерінің жас мамандарды ынталандыруға құлшынбай, бұған шығындағылары келмейтіні де бар, – деді З.Ғайыпов.

> Дуальді оқытудың әлсіз тұстары да бар. Кәсіпорындар кадрларға деген қажеттілікті болжай алмайды. Оларда сондай арнайы бөлім жоқ. Бұл – тиісті кәсіпорындарда ғана емес, жалпы алғанда, қалалық, тіпті, мемлекеттік деңгейдегі үлкен проблема. Индустрия саласындағы шағын кәсіпорындардың дуальді оқытуға қызығушылығы төмен. Бұл да – бір мәселе. Бизнес өкілдерінің жас мамандарды ынталандыруға құлшынбай, бұған шығындағылары келмейтіні де бар

### ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК

«Astana Polytechnic» жоғары колледжінде дуальді оқыту 2013 жылы енгізілді. Осында қазір бес мамандық бойынша үш бағытта 308 студент осы оқытумен қамтылған. Бұл – жалпы білім алушылардың 16 пайызы. Осыны айтқан аталмыш колледж директоры Қасымхан Сенғазыев бұл студенттердің барлығы өтемақыдан бөлек стипендия алып жатқандарын жеткізді.

– Колледжіміздің серіктестері – қалада тұрақты жұмыс істеп жатқан 26 компания. Құрылыс саласындағы бір ғана серіктес – «Bazis Construction» компаниясы. Екінші бағытымыз – автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, оларды жөндеу және пайдалану, ал үшіншісі – байланыс және телекоммуникациялар. Бұл бағыт бойынша «Қазақтелеком», «Қазпошта» сияқты ірі компаниялармен және осы саладағы басқа да серіктестіктермен қарым-қатынас орнаттық, – деді колледж директоры.

Оның айтуынша, 2019-2020 оқу жылында 355 колледж түлегі дуальді оқыту жүйесімен қамтылды. Соның ішінде белгілі бір кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өткен 241 адам немесе түлектердің 67,8 пайызы сол кәсіпорындарға жұмысқа орналасты. Ал 43 адам немесе 12,1 пайыз жоғары оқу орындарына түсіп, 69 адам әскерге шақырылды.

– Түлектердің жұмысқа орналасу үлесі – колледждің ұлттық рейтингідегі негізгі көрсеткіштердің бірі. Дуальді оқытудың нәтижесі мен тиімділігі жақсы. Бірақ бүгіндері осы оқытуды кеңейту мәселесі серіктестерден емес, оқу орындары тараптарынан ғана көтеріледі. Осы орайда өңірлік кәсіпкерлік палаталарының бұл бағыттағы жұмысын жандандыру қажет деп санаймын. Еңбек нарығына талдау жасау мәселесі де бірнеше жылдан бері шешімін таппай келеді. Бұл нарықты зерттейтін, зерделейтін ұйым керек. Мұнымен Жұмыспен қамту орталығы немесе үкіметтік емес ұйымдар айналыса ма, әйтеуір бір жолын табу қажет. Ол ұйым үнемі мониторинг жүргізіп, Білім басқармасы немесе колледждерге тиісті ақпаратты беріп отырса, жақсы болар еді. Бұл жұмыста жаңа мамандықтар мен кәсіптердің атласын және бекітілген аумақтарды дамыту бағдарламасын қолданғаны жөн, – деді Қ.Сенғазыев.

Колледж директоры студенттердің өмірі мен денсаулығын сақтандыруды ұсынды. Оның пікірінше, бұл іс дуальді оқытудың көкжиегін кеңейтеді. Себебі қазір 15-16 жасар жасөспірімдерді кейбір кәсіпорындар өндірістік тәжірибеден өтуге қабылдаудан аяқ тартып отыр. Бүгіндері колледж студенттерінің біліктілігін арттыру тетіктері әлі пысықталмаған екен. Бұл тараптағы нормативтік-құқықтық құжаттар әзірленбеген.

– Осыған байланысты Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының тәжірибесін ескеріп, Нұр-Сұлтан қаласында техникалық және кәсіптік білім беру орталығын құру керек. Өйткені қазір Білім басқармасында осы салаға екі-ақ адам жауап береді. Оның бірі – бөлім басшысы, екіншісі – бас маман, – деді колледж директоры.



Қазіргі таңда қаладағы **26 колледж 34 мамандық және 60 біліктілік бойынша дуальді оқытуды** енгізді. Осы оқытуға шаһардың 189 кәсіпорнын тарту арқылы

**3575** студент бұл оқумен қамтылды



**1877** Осы жылдың басынан жас азамат жұмысқа орналасуға өтініш беріп, **1530 адам немесе жастардың 81,5 пайызы** әлеуметтік қорғау шараларымен қамтылған.



Құрылыс компаниялары **кірпіш қалаушылар, сантехниктер, электриктер** жетіспейтінін де айтып жатыр. Жақында елордада **400 автобус жүргізушісі** жетіспейтінін білдік.

### ҚАНША ЖАС ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ?

Осы жылдың басынан 1877 жас азамат жұмысқа орналасуға өтініш беріп, 1530 адам немесе жастардың 81,5 пайызы әлеуметтік қорғау шараларымен қамтылған. Соның ішінде 540 адам тұрақты жұмысқа тұрып, жастар практикасына 223 адам (жоғары оқу орындарының 176 түлегі, колледждердің 47 түлегі) қабылданды. Әлеуметтік жұмыс орындарына 30 адам орналасып, қоғамдық жұмыстарға 715 адам жіберілді. Мұны қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина баяндады.

Оның мәлімдеуінше, SMM менеджері, кондитер, тігінші, аспаз, шаштараз, контролер-кассир секілді қысқа мерзімдік оқытуға 22 жас жіберілген. Жеті адамға 200 АЕК немесе 583400 теңге көлемінде жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруға мемлекеттік гранттар берілді. Соның ішінде гранттар қызмет көрсету, қоғамдық тамақтану, көтерме және бөлшек сауда, өндіріс және өнеркәсіп, тігін өнеркәсібі, ақпараттық қызмет салаларына бөлінген.

– Карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты бос орындар жәрмеңкелері онлайн режимінде өткізіледі. Жыл басынан бері осындай алты жәрмеңке ұйымдастырылды. Апта сайын жұмыс берушілермен онлайн кездесулер өтіп тұрады. Жастар практикасына жіберілетіндер қолға 80 мың 433 теңге алады. Бұл практикамен биылғы жоспар бойынша 900 адамды қамтымақпыз. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы қолға алынды. Бұл жоба 29 жасқа толмаған жұмыссыз, жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға, білім беру ұйымдары түлектеріне арналады. Жоба бойынша адам 2 жыл мерзіміне тұрақты жұмысқа тұрғызылады. Айлық 58 мың 340 теңгені құрайды, – деді С.Нұрғожина.

Оның айтуынша, өткен жылы қаланың жоғары оқу орындары мен колледжерді 20952 түлек бітірді. Соның 13730-ы жұмысқа орналасты. Ал биыл техникалық және кәсіптік білім беру орындарын 7043 адам бітіреді. Болжам бойынша, солардың 1466-сы Жұмыспен қамту орталығына жүгінеді. Жастар практикасына 677 орын, алғашқы жұмыс орнына 90 орын және жетім балаларға 322 жұмыс орны дайындалды.

### ТӘЛІМГЕРЛЕР ТАПШЫЛЫҒЫ НЕМЕСЕ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАЛАҚЫ НЕГЕ ТӨМЕН?

Қалалық мәслихат депутаты Нұрдәулет Оразханов шетел кәсіпорындарында екі студентке бір тәлімгерден бекітілетінін, ал Нұр-Сұлтанда бір тәлімгер 14 студентті үйретуге мәжбүр екенін айта келе, неге бұлай екенін сұрады.

– Елордада тәлімгерлерді дайындайтын орталықтардың тапшылығы мәселесі бар. Бұл мәселе қазір Білім және ғылым министрлігі деңгейінде қаралып жатыр. Түптің түбінде осы проблема қаржының бөлінуіне барып тіреледі, – деді осы сұраққа жауап берген Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Шәкәрім Сейсенбай.

Депутат Айтжан Әбдіровті дуальді оқытуға қатысатын кәсіпорындарға қандай талаптар қойылатыны қызықтырды. Білім басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазинованың айтуынша, оларда тәлімгер, оқу сыныптары және жұмыс орындары болу керек. Бастысы, тиісті кәсіпорындар Кәсіпкерлер палатасының тізіміне тіркелуі қажет.

– Тәлімгерлер мәселесін айтып жатырмыз. Білім басқармасы жанында жаңғырту орталығы бар екенін білеміз. Неге бұл орталық тәлімгер мәселесімен айналыспайды? – деген сауал қойды депутат Ләззат Разбекова-Төлеуханова.

Жаңғырту орталығы қызметкерлерінің жалақысы төмен болғандықтан, оған тәжірибелі мамандар жұмысқа келмейтінін айтқан Ш.Сейсенбай осы орталық қызметін жетілдіру керектігін жеткізді.

– Жаңғырту орталығы әдіскерлерінің жалақысын көтеру керек. Содан соң біліктілігі жоғары мамандарды тарту қажет. Өйткені осындағы қызметкерлер мұғалімдерге сапалы қызмет ұсына алмай отыр. Бұл, жалпы алғанда, елдегі проблема. Осы орталыққа мұғалім бола алмай қалған адамдар жұмысқа келеді. Мекеме штатында 90 адам болуы керек. Бірақ қазір 40 адам ғана 1,5 ставкамен жұмыс істеп жатыр, – деді Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы. Оның сөзін толықтырған қалалық білім беруді жаңғырту орталығы басшысының міндетін атқарушы Сындар Дәуешова қазір осы орталықта техникалық және кәсіптік білім берумен үш әдіскер ғана айналысатынын жеткізді.

### ҚҰРЫЛЫСШЫ МАМАНДАР ЖЕТІСПЕЙДІ

Колледж түлектерінің жұмысқа тұру көрсеткіші қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовты сендірмеді. Оның пікірінше, түлектер өздерінің алған мамандықтары бойынша жұмысқа тұрып жатыр ма, қай салаларда мамандар тапшылығы бар, гранттарды қай мамандықтарға бөлген жөн, ең алдымен, осыған көңіл бөлу керек.

– Бұрын көпбалалы аналар жеңілдікпен грант алатын. Былтырдан бері олар грант алушылар қатарынан түсіп қалды. Сондықтан бұл мәселені талқылауымыз керек. Сосын шетелдерде кәсіпорындар табыстың 40 пайызын өздеріне керек мамандарды оқытуға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жұмсайды. Ал біз тәлімгерді бергені үшін тиісті компанияларға мемлекет қазынасынан неге қаржы төлейміз? Тізімді қарап отырсам, арасында «Hyundai Premium Astana», «Bazis Construction» сияқты ірі компаниялар бар. Бұл кедей компаниялар емес қой. Оларға мамандарды дайындаймыз. Оның үстіне тәлімгер үшін шығындаламыз, – деді Е.Каналимов.

Оны мәслихат депутаты Талғат Нәрікбаев қолдады. Оның айтуынша, екі жыл бұрын Білім және ғылым министрлігінің «Адал білім» жобалық кеңсесі аясында зерттеу жүргізілген. Бұл зерттеу колледж түлектерінің жұмысқа тұру көрсеткіші өте төмен екенін, 40 пайыздан аспайтынын көрсеткен.

– Сол кезде Ішкі істер министрлігінен қылмысқа және құқықбұзушылықтарға негізінен колледж оқушылары баратыны жөнінде анықтама алдық. Сондықтан Қазақстан колледждерінде білім қаншалықты сапалы беріліп жатыр деген сұрақ туады. Ал мемлекет техникалық және кәсіптік білімге жыл сайын қыруар қаржы бөледі. Соған қарамастан, құрылыста Өзбекстан азаматтары жұмыс істейді. Мейрамханаларға да колледж түлектері қабылданбайды. Сондықтан техникалық мамандықтарға бөлініп жатқан мемлекет қаржысы қаншалықты тиімді жұмсалатынын тексеру керек, – деді Т.Нәрікбаев.

Ерлан Каналимов елордада жыл сайын 3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетінін айта келе, құрылысшы мамандардың жетпей жатқанын айтты.

– Қаладағы арнайы экономикалық аймақта мұнаралы крандар шығарыла бастады. Ал жақында краншылар жалақыларының аздығын желеу етіп, екі рет ереуілге шықты. Қазір осы мамандық иелері қалада жетіспейді. Құрылыс компаниялары кірпіш қалаушылар, сантехниктер, электриктер жетіспейтінін де айтып жатыр. Жақында елордада 400 автобус жүргізушісі жетіспейтінін білдік. Олардың жалақысы – 400 мың теңге. Сонда да жүргізушілер табылмай жатыр. Жарайды, Нұр-Сұлтан – шенеуніктер қаласы дейік. Бұл тарапта да «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» секілді ұлттық компаниялар сұранысын зерттеуіміз керек. Ал арнайы экономикалық аймақ қаланың экономикасын өрлету үшін құрылған. Мұнда тиісті мамандар жеткілікті болса, аймақ жұмысында серпін пайда болар еді, – деді мәслихат хатшысы.

Отырыс соңында депутат Батыр Котырев қаланы газдандыруға байланысты газ мамандарын дайындау керектігін айта келе, теміржолда да жұмысшы мамандардың тапшылығы бар екенін жеткізді.

# ЕЛОРДАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ

**Әлемдік бәсекеге қабілеттікке ғылым мен білім арқылы қол жеткізілетіні белгілі. Ғылым қоғам дамуындағы үлкен қозғаушы күш екені тағы да рас. Бүгін еліміздің ғылымын дамытуда елорда ғалымдарының қосып жатқан үлесі жайлы сөз еткенді жөн көрдік.**




Егемен еліміздің қалыптасып, дамуы тікелей Елбасының есімімен байланысты екені даусыз. Қалай десек те, еліміздегі оң өзгерістердің барлығы да – тәуелсіздіктің жемісі. Сол тәуелсіздіктің арқасында Ақмола қаласын тәуелсіз Қазақстанның астанасы етіп таңдағанымыз кеше сияқты еді. Бүгінгі күні белгілі әлем астаналарымен бой да, ой да таластыра алар дәрежеге жетті. Мұның мәнісін сән-салтанатымен көздің жауын алар аспанмен тірескен биік ғимараттар мен сәулет өнерінің биік шыңындай болған зәулім сарайлармен қатар, ғылым-білім ортасының қалыптасуымен де байланыстыра қараған дұрыс шығар.

Ғылым мен білім ел дамуының, өркендеуінің өзегі екенін әлем әлдеқашан мойындаған. Мемлекетіміздің ғылымы және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасында іргелі және қолданбалы ғылымның нәтижелерінің практикада тиімді пайдалануға арналған бағытты жасау және оны өмірге енгізу еліміздің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының маңызды мәселесіне айналу керектігі айтылғаны анық. Ғылымның, білім және өндіріс бірлігін нығайту арқылы дамыған елдердегідей іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыруда жеке сектормен өзара байланысты арттыруды қолға ала бастауы көңіл қуантады. Ғалымдар мемлекет тарапынан қолдауды сезінуде.

Елімізде қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, өзіндік қазақстандық даму жолын таңдаған қуатты мемлекеттердің біріне айналу үшін білім мен ғылымға деген оң көзқарас қалыптасып отырғанын айтуға тиіспіз. Білім мен ғылымды екінші орынға қойған ел, ешбір салада ешқашан бірінші орынға көтеріле алмайтындығы туралы Елбасының айтқаны – осыған дәлел. Білім үдерісіне озық әдістеме мен технологияларды енгізу арқылы әлемдік білім кеңістігіне еркін енуге болатындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сол үшін дүние жүзіндегі озық тәжірибелерді пайдаланудың пайдасы зор екенін, Қазақстанның шетел жоғары оқу орындарымен білім салаларындағы әріптестікті жоғары деңгейде орнықтыру орынды екеніне назар аударылуда. Елбасы XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры болады деп, білім беруді өркениетті елдер деңгейінде өркендетуге ден қою керектігін айтып қана қоймай, оның нақты өмірімізде көрініс табу үшін жасалып жатқан табанды тіршіліктер жеткілікті. Алдағы онжылдықтарда адамзат капиталының маңызы арта түсетінің алдын ала бағамдаған білікті басшы, білім беру кеңістігіндегі тәжірибе алмасу мен өзара серіктестік-интеграциялық үдерістерге ұласып, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының байланысын сапалы деңгейге жеткізу мақсатында Назарбаев университетін ашу себебін, еліміздегі барлық отандық университеттер мен ғылыми ұйымдар жоғары деңгейге жетуде өнеге болсын деп жасап жатырмыз, егер әлемнің дамыған 30 елі қатарына кіреміз десек, халықаралық талаптарға сай сапалы білім алуға және әлемнің алдын қатарлы университеттерінің студенттеріне қосылу мүмкіндігін беретін осындай бағыттарға бет бұру қажеттілігінен туындаған жоба болатын.

Тәуелсіздік алғанға дейін 2-3 жоғары оқу орындары ғана білім қызметін көрсетсе, бүгінгі күні елорданың ғылыми әлеуетін қамтамасыз етуде меншік нысаны әртүрлі 15 жоғары оқу орындары мен 20-ға жуық белгілі салалық ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтарының зерттеушілері ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, астананың білім және ғылым ордасы атануына қомақты үлес қосуда.

Білім беру жүйесін жаңғырту барысында халықаралық стандарттар негізінде табысты жұмыс істеп келе жатқан Назарбаев университеті елімізге үлгілі бірден-бір жоғары оқу орны болып отырғаны - елорданың абыройын асқақтатты десек те болғандай. Зерттеу институттарының, салалық ғылыми-техникалық орталықтардың және университеттердің ғылыми қызметін кіріктіруде Назарбаев университетінің мектептерінің үлгі аларлық тәжірибесі мол. Инженерлік-сандық ғылымдар, жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің ел экономикасына қосқан үлесі жайлы жағымды ақпараттар таратылып жатқаны баршамызға аян. Әсіресе, медициналық көмек беру сапасын арттыруда жоғары технологиялық және инновациялық шешімдерінің негізінде жүзеге асыруда кластердің маңызы зор болмақ. Медициналық кластер құру еліміздегі медицина ғылымын жоғарғы деңгейге көтерілуіне жол ашады деп үміттенеміз. Медицина мектебі университеттік клиникасымен кіріктірілген қызметі дәрігерлер даярлаудағы американдық жүйесімен ұштастырылып, ұтымды ұйымдастырылғаны өз нәтижесін берері сөзсіз. Елордадағы ұлттық медициналық орталықтар қызметін тек қана өзіміздің еліміздің азаматтары ғана емес, ТМД елдерінің тұрғындары да тұтынып, медициналық туризмді дамытып отырғанын айтқанымыз абзал.

Елордамызда Назарбаев университетінің бой көтеруі инновациялық зерттеулер жүргізетін, оған еліміздің айтулы ғалымдары мен халықаралық зерттеушілер шақырылып, ғылым мен білімді кіріктіре қызмет етуде заманауи, Орта Азияда теңдесі жоқ білім мен ғылым ордасына айналғанын ғылыми жұртшылық жоғары бағалайды. Әлемнің «аузын айға балаған» университеттерінен келген белгілі ғалымдар мен профессорлар дәріс берумен қатар, отандық оқымыстылармен бірге астананың ғылыми әлеуетін арттыруға атсалысып жатқаны көптің көңілінен шығуда.

Елордада Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен екі жоғары оқу орны – Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Целиноград педагогика институтының бірігуі негізінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрылуы елорда руханиятын өркендеуіне өріс ашқаны бүгінгі күн дәлелденіп отыр. Ару Алматыдан көш түзеген зиялы қауым өкілдері елорданың ғылым, білім мен өнерінің өрге жүзуіне қомақты үлес қосты.

Ықылым заманнан басы ашық бір нәрсе бар, жалпы жұртшылық оқығаны, тоқығаны, айтары бар азаматтарына қарап бой түзейтіндігі, ой түзейтіндігі. Тәуелсіз мемлекетіміздің зиялы қауым өкілдеріне де артар үміті зор. Өйткені ұлт өзінің мемлекетін құрған уақытынан бастап интеллигенцияға иек артатыны белгілі. Олар мемлекеттің саясатына араласып, қоғамның әділетті болуын ойлап, оның болашақ жолын айқындауда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде үлкен рөл атқарады.

«Біздің ойымызша, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» деген Алаш ардақтысы М.Шоқайдың қанатты сөзін қағидат етіп қабылдасақ, ұтпасақ, ұтылмасымыз айқын. Қазіргі Қазақстан жағдайында қоғамдағы құбылыстарға өзіндік азаматтық көзқарастарын ашық білдіріп, халық мүддесіне сай келер салиқалы ой-пікірлерін билікке өткізе алатын ақыл-ойдың иесі, айтары мол елді-елдікке, бірлікке шақыратын абырой биігіндегі осындай азаматтардың елорданы қалыптастырудағы рөлі ерекше екені де анық. Міне, елордаға жиналған зиялы қауым бойынан осындай көрегендікті көре отырып, астананың руханиятын аспандатқандар қатарында болғанын зор мақтаныш сезіммен жеткізгіміз келеді.

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойын өткізу аясында ҰҒА академигі, абайтанушы Ерлан Батташұлы Сыдықовтың бастамасымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанынан Абай академиясы ашылғаны да, зиялы қауым тарапынан оң бағаланған болатын.

Қазіргі таңда университетте 18 ғылыми-зерттеу институттары, 6 ғылыми-зерттеу орталығы, 3 ғылыми-зерттеу лабораториясында жаратылыстану бағытындағы, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бойынша зерттеулер жүргізіліп, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жүздеген жобалардың жүзеге асуы – зерттеу университеті санатына көшу жолындағы алғы шарттары.

Елордада салтанатпен бой көтерген Қазақ гуманитарлық заң университетінің астананың руханиятына қосқан үлесін айтқанымыз абзал. Құқықтық мемлекет құру жолында, әлемдік демократиялық жол таңдауда халықаралық құқық негіздерін айқындауда айрықша ғылыми ортаны қалыптастырған ҰҒА академиктері М.Баймаханов пен М.Сүлейменовтер бастаған бір топ заң ғылымының көрнекті өкілдерін арнайы Алматыдан шақыртып, университетте дәріс беруіне, әрі астананың абыройын арттыруын көздеген белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мақсұт Сұлтанұлы Нәрікбаевтың еңбегін ерекше еске алғанымыз жөн. Университет құрамындағы мемлекет пен құқық, құқықтық саясат және конституциялық заңнама азаматтық құқықтық зерттеулер, сот сараптамасы сынды ғылыми-зерттеу институттарының жұмыс істегенінен көп нәрсені аңғаруға болады. Академиктер бас болып, аталған ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарының қатысуымен мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдардың тапсырысымен орындалған 100-ге тарта жобаларға белсене қатысып, құқықтық мемлекеттің заң және заң актілерін дайындаудағы орасан зор еңбектері мақтауға лайық. Реті келгенде, ТМД елдерінің модельдік заңнамаларын даярлауға да атсалысқанын айта кетсек артық болмас.

> Елордамызда Назарбаев университетінің бой көтеруі инновациялық зерттеулер жүргізетін, оған еліміздің айтулы ғалымдары мен халықаралық зерттеушілер шақырылып, ғылым мен білімді кіріктіре қызмет етуде заманауи, Орта Азияда теңдесі жоқ білім мен ғылым ордасына айналғанын ғылыми жұртшылық жоғары бағалайды. Әлемнің «аузын айға балаған» университеттерінен келген белгілі ғалымдар мен профессорлар дәріс берумен қатар, отандық оқымыстылармен бірге астананың ғылыми әлеуетін арттыруға атсалысып жатқаны көптің көңілінен шығуда

Биыл 75 жылдығын тойлағалы отырған ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы құрған Ұлттық ғылым академиясындай болсын деген ниетпен елорда төрінен ашылған Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының (ҚазҰЖҒА) ғалымдары да отандық ғылымды дамытуда нәтижелі жетістіктерге қол жеткізіп отырғаны белгілі.

Ұлттық академия – университет – өндіріс үштік одағының тиімді ұйымдастырылу нәтижесінде жаңалық ашып жатқан ғалымдарымыз жетерлік. Жаңалық ашу бар да, оны өндіріске енгізу бар. Оларды ең алдымен, сынақтан өткізу керек болатыны түсінікті ғой. Сынақ жасайтын өндіріс орындарының аздығы да көлденең кедергі болып тұрғаны бар. Соған қарамастан, жанқиярлықпен өз идеяларын іске асырып жатқан ғалымдарымыз, әлбетте, құрметке лайық.

Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлық беру жөніндегі комиссияның шешімімен Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академиктерінің тарапынан ұсынылған жұмыстар 2015 және 2020 жылғы Мемлекеттік сыйлыққа ие болғаны тек отандық ғалымдар ортасында ғана емес, халықаралық ғылыми қауымдастықта бағаланғаны – Қазақстанның мәртебесін көтерген және еліміздің инновациялық дамуына елеулі үлес қосқан ғылыми жобалар санатында саналып отырғаны зор мақтаныш.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғалымдарының еліміздің ауыл шаруашылығын дамытуда ғылым үлесін еселеудегі еңбектерін атап өткеніміз абзал. Агрохимия және топырақтану, ауылшаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі, өсімдік тану бойынша ғылыми жобалар университеттің танымалдығын өсіріп, еліміздің белгілі ғылыми орталығына айналып отыр. Тек астананың ғана емес, еліміздің агротехникалық кешеннің инновациялық дамуының қайнар көзі екендігі ғылыми ортада орасан зор беделге ие болуда. Агробиологиялық зерттеулер, аграрлық дамудың экономикалық проблемалары, фитосанитарлық мониторинг және балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институттарының нәтижелері агроөнеркәсіп саласындағы озық технологиялар негізінде өндіріске енгізілуде. 2020 жылғы еліміздің жоғары оқу орындарының рейтингісін анықтайтын агенттіктердің бағалауы бойынша 2-орынды иеленгенінен біраз нәрсені бағамдай беруге болатын сияқты.

Елді алаңдатқан індетке байланысты елорда ғалымдарының еңбектеріне де тоқтала кетуді жөн санадық. Әлемнің айтулы ғалымдарымен қатар біздің де ғалымдарымыз індетті жоюдың жолын іздеуді мақсат етуде. Соның дәлелі ретінде елордадағы Ұлттық биотехнология орталығы мен Биологиялық қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты ғалымдары бірлесіп COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы вакцина ойлап тапқаны, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы талаптарына сәйкес келетіні ақпарат құралдарында айтылып, таяу арада пандемиялық вирустарға қарсы вакциналардың тұрақты қоры мен қамтамасыз ету және биологиялық қауіпсіздікті жақсарту үшін иммунобиологиялық препараттар шығаратын биофармацевтикалық зауыттың құрылысы жүргізілетіні жұртшылыққа жеткізілді. Мұның өзі елорда ғалымдарының әлемге өзінің әлеуетін байқатқан көрсеткіші болғаны көңіл қуантады.

Ғылым және білім беру – ұзақ мерзімді стратегиялық бағытымыздың басым бағыттарының бірі ретінде танылуы - келешегі кемел елдің ғана мақсат-мұраты болып айқындалары анық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында көрсетілгендей, келешекте елорда ғалымдары да ғылымның әлемдік бәсекелестік қабілетін арттыра отырып, ғылым мен технологияны терең меңгеріп, жоғары еңбек өнімділігін көрсетіп, ел дамуына үлестерін қоса берері сөзсіз.

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,**
**Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик**

# ЗЕЙІНІ ЗЕРЕК ЗАМАНДАС

**Өмір деген ағып жатқан өзен, оның арнасын әркім әртүрлі қасиетімен, біреу бойындағы өнерімен, инабатты мәдениетімен, кісілік және кішілік адамгершілігімен, Құдай берген дарынымен, тағы біреу қайтпас, қайсар, айнымас мінезімен толықтырады. Өмір – тәжірибесі толысқан, ғылым жолында өзіндік жол салған ғалым Тыныс Сүлейменов қырық жыл бедерінде жоғары оқу орындарында ел үшін еңбек ететін жастарды тәрбиелеу, олардың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытында қарымды қызмет атқарып, адамдардың алғысын арқалап келеді. Бұл – маңызды әрі мәңгілік құрмет!**



Қазақта «Біреуді Құдай қосса, енді біреуді ноқта қосады» деген сөз бар. Тыныс екеумізді қосқан тарихтың ашық аспан астындағы айқара ашылған дара дала кітабына айналған Ұлытау өңірінің Жезқазған қаласы. Әлі есімде. Өткен XX ғасырдағы 80-жылдардың басында сол кездегі Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды политехникалық институтының Жезқазған филиалында (1992 жылдан Жезқазған тау-кен технологиялық институты, 1996 жылдан бері Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті) жаңа кафедралар ашылып, жұмысқа ғалымдар мен оқытушылар шақырылды. Сол тұста мен де өндірістен бүгін көзден кетсе де көңілімде мәңгілік ұялап қалған сарабдал азамат, марқұм Ғибадулла Қабышұлы Жакеновтің басқаруындағы «Автокөлік» кафедрасына арнайы шақырылып, оқытушылықпен айналысқан болатынмын. Кейін қатарымызға Тыныс Сүлейменов келіп қосылды. Бойынан жастықтың жалыны лапылдаған Тыныс та кішіге үлгі, шәкіртке ұстаз бола біліп, өз саласына қажет білікті мамандар дайындау ісіне кірісуді жөн санапты. Сөйтіп, екеуміз тізе қоса жұмыс істедік. Соңынан әр салада еңбек етіп жүріп те өмір ноқтамыз босаңсып не толық ағытылып кеткен тұстары болған емес.

Иә, өмір болғаннан соң, өріне шығып сүйіндік те, өзегіне түсіп күйіндік те. Орыс жазушысы Толстой айтпақшы, «Өмір деген тек қана түзу жолмен жүру емес, сол түзу жолмен келе жатып бұрылысқа келіп, бұрылыстан келе жатып құлап қалу, қайта тұру, қайта жүру». Дегенмен Тыныстың өмір жолы әу бастан түзу түзілді деуге болады. Ата-анасынан бойына сіңірген тәрбие мен тәліммен сусындаған Тыныс өзіне әркез сыни көзбен қарай отырып, ісіне мығым, алған міндетіне жауапты болуға, кісілік пен кішілікті қатар ұстауға ұмтылды. Тыныс Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі» дегенін басшылыққа ала отыра, кафедраның оқу-әдістемелік және лабораториялық базасын жоғары көтеруге мейлінше атсалысты.

«Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады» деген ғибрат біздің Тыныс Сүлейменовке қаратып айтылғандай. Керемет еңбекқорлығы мен жүйелі ізденістерінің және тынымсыз тіршілігінің арқасында ол қатардағы ассистенттен Жезқазған университетінің проректоры лауазымына дейін өсті. Мәскеуде аспирантура оқып, 1991 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Соңынан техника ғылымдарының докторы атанды. Тыныс Бөлекбайұлының профессор атануы да – ғалымның еңбегіне берілген лайықты баға. Ол оқу процесін жетілдіру мақсатында 3 оқулық, 4 оқу құралы, 2 монография жазып, жүзден астам ғылыми мақалаларын жариялады. «Барьер безопасности для автомобильных дорог» атты патенттің авторы. Сүлейменов әзірлеген «Автомобильные перевозки» оқу құралы елімізде көлікті пайдалану, көлік қозғалысын, жүк тасымалын ұйымдастыратын мамандарды дайындауға да септігі мол болып отыр.

Ресей Федерациясының белгілі академигі Л.Б.Миротинмен бірлесіп жазған «Транспортная логистика» атты оқу құралы Қазақстандағы көліктік логистика ғылымының негізін қалауға оң ықпалын тигізді. Сондай-ақ бұл оқу құралы таяу шетелдерде қолданысқа еніп, жақсы нәтижелер беруде. Ал енді Қазақстан үшін оның маңызы мен пайдасы қандай десек, біз еліміздің Еуразияның сауда айналымында ойып тұрып орын алуы үшін трансқұрлық дәлізін дамытудың айқын бағытын таңдап алғанын көреміз. Тәуелсіздік тұғыры орнаған 30 жылда біраз жұмыстың басы қайырылды. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 13,4 мың шақырымы салынып, реконструкцияланды, жүргізілген жөндеу жұмыстары республикалық тас жолдардың магистральдық желісіндегі бұзылған учаскелерін, соның ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» сияқты алты негізгі халықаралық транзиттік дәлізді қалпына келтіруге мүмкіндік берді. ТМД елдері арасында Қазақстан – осы жылдардың ішінде 2500 шақырым жаңа теміржол желісін салған жалғыз мемлекет. Мысалы, 2014 жылы салынған бір ғана Жезқазған – Бейнеу теміржол желісі Қытайдан Каспийге, әрмен қарай Түркияға, оңтүстік Еуропа мен Парсы шығанағы елдеріне бағытталған жүк пойыздарының жол жүру қашықтығын 1000 шақырымға қысқартты.

2010 жылдан Тыныс Бөлекбайұлы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызмет етіп келеді. Еліміздің мәртебелі жоғары оқу орнында да Сүлейменовтің беделі биік, мәртебесі жоғары. Қазір ол – көлік-энергетика факультетінің деканы. Шебер ұйымдастырушы, білікті басшы, педагог ретінде отандық білім беру жүйесінің басты міндеті - адами капиталды дамыту арқылы еліміздің әлемдегі бәсекелестігін арттыруға күш салуда. «Көліктік логистика», «Лицензиялау және сертификаттау негіздері», «Бірыңғай транспорт жүйесі», «Көлік жөндеу» сияқты негізгі оқу пәндерін жүргізе отырып, ол республикада көлік саласы ғылыми мектебінің қалыптасуына, осы саладағы мамандардың үлкен шоғырын оқытып-тәрбиелеуге елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің игілігі жолында көптеген басқару құрылымдарында еселі еңбек етіп, тәуелсіз Қазақстанды дамудың табан жолынан өркениеттің даңғыл жолына түсіруге ұмтылуда.

Маңдай терін төгіп, аянбай еңбек еткен адамның рухани жан дүниесі таза, рухы мықты болады. Мен білетін Тыныс Сүлейменов – айналасына татулықтың, жақсылықтың, мейірбандықтың нұрын шашып жүретін, үлкен-кішінің бабын таба білетін, жібек мінезді жайдары жан. Әсіресе, Тыныстың ұлттық өнерімізге деген ықыласы тым ерекше. Кезінде мен Тынысты үнемі қандай да бір мәдени іс-шаралардың қасынан көретінмін. Сондай-ақ өз айналасына өнерлі жастарды жинап, бейнелеп айтар болсам, шілденің аптабы мен аңызағында саясында сан адамды паналатқан ғажап бір бәйтерек секілді, оның талай жасқа өзінің қамқор құшағын жайып жүргенін де білемін.

Сайып келгенде, кішіліктің келешегі үлкендіктің үлгісінде жатыр. Әр адам өзінің биігіне ұмтылады, сол жолда шамшырақ болып жол нұсқайтын нысана іздейді. Соның бірі – талай жас адамдардың жанына жалау, өміріне темірқазық іспетті бағыт сілтеген, жас түлектердің айтулы тәлімгері – Тыныс Сүлейменов болары кәміл!

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ**

# КӨШЕЛЕР САЛЫНЫП, ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ



(Соңы. Басы 1-бетте)

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы көше-жол желісінің ұзындығы – 868,3 км, көше саны – 1129. Оның ішінде 767,7 километріне (88,4 пайыз) асфальт төселген, қатты жабынсызы – 100,62 км (11,59 пайыз).

Қаладағы Сығанақ көшесінен Е22 көшесіне дейін (Төле би көшесі) Е51 көшесі, Сығанақ көшесінен Е22 көшесіне дейінгі учаскеде Е49 көшесі, Тұран даңғылынан Бейсекова көшесіне дейінгі учаскедегі №27 көшенің құрылысы, Қордай көшесінен Астана-Қарағанды трассасына дейін А62 көшесін салу жұмыстары қарқын алған. Аталған нысандарда су құбырларының инженерлік желілерін, су, электр энергиясы, кәріз және т. б. орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Е51 (Төле би), Е49 көшелерге жауаптымыз. Көше салу жұмыстары 50 пайыз аяқталған. Енді биыл қазан айына дейін 100 пайызға бітіру көзделіп отыр. Әрқайсына жеке тоқталсам, Е51 көшесінің ұзындығы – 1284 км. Құрылыс мерзімі 2019 жылдың 7 мамырынан 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін жоспарланған. Бұл көшені салуға кететін жалпы қаражат мөлшері – 3615456368,16 теңге, өткен жылы 1272162807,37 теңгесі игерілсе, биылға 1901500000 теңге бөлінді, ал келесі жылға 441793561,16 теңгесі қалып отыр. Көшеде толығымен жылу желілері, нөсерлік кәріз, тұрмыстық кәріз, су құбыры желісі, электрмен жабдықтау жұмыстары жүргізіледі. Бұл мақсатта жалпы 30 техника мен 20 маман жұмылдырылуда. Көше құрылысы аяқталса, Тұран даңғылында кептеліс туындамайтын болады. Біздің жоспар бойынша көше құрылысы межеленген уақыттан бұрын, 15 қазанда аяқталады.

Ал Е49 көшесінің құрылыс жұмыстары өткен жылы 8 шілдеде бастау алды, 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін жоспарланған. Осы мақсатта жалпы сомасы 1692152415 теңге бөлінген, өткен жылы 203 млн теңгесі игерілді. Биылға 1,3 млрд теңге бөлініп отыр. Жалпы жұмыс қарқынды түрде жүргізілуде, 25 техника мен 29 маман жұмылдырылды. Жұмыс аяқталғаннан кейін 5 жылға кепілдік талоны беріледі. Бұл көшенің де құрылысы биыл қазан айында аяқталып қалады» дейді «Прогресс KZ» ЖШС техникалық директоры Сабина Текова.





Бас қаланың барлық аудандарында әлеуметтік нысандар, қолжетімді тұрғын үй құрылысы, жарықтандыру шамдарын орнату, аумақтарды абаттандыру, нөсер кәріздерін орнату және басқа да бағыттарда жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

«Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабына жауаптымыз. Қазіргі уақытта жол жөндеу жұмыстары Бұқтырма, Есіл көшелерінде аяқталып қалды, инженерлік желілерге толығымен қосылады. Тұрғындардың өтініші бойынша Ертіс көшесінде кәріз жүйесі орнатылады. Сонымен қатар Жайық көшесінде нөсер, су құбыры мәселесі шешіледі. Биыл жыл соңына дейін Есіл көшесін аяқтаймыз. Қаржы бөлінсе, Бұқтырма көшесіне де асфальт төселеді. Жұмыстар жүйелі түрде атқарылуда» деді «Казэнергоинвест» ЖШС директоры Рустам Маматов.

Көше-жол желісін орташа жөндеу келесі учаскелерде жүргізілуде:

– Қаланың шет аймақтарын дамыту бойынша инженерлік желілер салу (шағын аудан) Алматы ауданының оңтүстік-шығысында (сол жағы);

– М.Төлебаев көшесі – Б.Момышұлы даңғылынан Р.Қошқарбаев даңғылына дейін;

– Ю.Малахов көшесі – Кеншілер көшесінен Сусамыр көшесіне дейін;

– Игілік көшесі және Н.Гоголь көшесі;

– Жеңіс даңғылы, Бөгенбай батыр көшесінен І.Есенберлинге дейін;

– Фахд бен Абдул Азиз көшесі – Ақан сері көшесінен Ш.Бейсекова көшесіне дейін;

– Мұғалжар көшесі – Керей, Жәнібек хандар көшесінен Қоңырөлең көшесіне дейін;

– Бөкейхан көшесі – №29 көшеден Есіл ауданының №31 көшесіне дейін.

# АТАУ БЕРУДІ РЕТТЕЙТІН ТҰЖЫРЫМДАМА КЕРЕК

**Елорданың Алматы ауданындағы жобалық атауы А20 көшесіне Қазақстанның халық жазушысы Қалижан Бекхожиннің, А33 көшесіне мемлекет және қоғам қайраткері Әбубәкір Тыныбаевтың, А41 көшесіне мемлекет қайраткері Ұзақбай Қарамановтың, А349 көшесіне Қазақстанның халық әртісі Қаршыға Ахмедияровтың, Есіл ауданындағы Е30 көшесіне шығыс түркі қағанатының қолбасшысы Күлтегіннің, Е607 көшесіне татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың есімдерін беру, Байқоңыр ауданындағы Күлтегін орамын Биші қайың орамы деп қайта атау ұсыныстарын Нұр-Сұлтан қаласының ономастика комиссиясы 5 сәуір күні өткен отырысында мақұлдады. Тиісті тәртіп бойынша осы апта басында аталмыш мәселе қалалық мәслихатта қаралып, бірауыздан қолдау тапты. Ал кеше қалалық қоғамдық кеңес отырысында талқыланды.**

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жиында Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев көше атауларына қатысты ұсыныстармен таныстырды. Оның айтуынша, Күлтегін орамы қалада бұрыннан бар. Бұл көшенің ұзындығы небәрі 280 метрді құрайды. Сондықтан зиялы қауым тарапынан келіп түскен ұлы бабамызға кең көше беру туралы ұсынысты ономастика комиссиясы қанағаттандырды. Күлтегін атына берілейін деп жатқан көшенің ұзындығы – 1500 метр. Ал Ғабдолла Тоқайға Татарстан мен Қазақстанның дипломатиялық қарым-қатынасы нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласынан көше беру ұйғарылды. Есесіне Қазан қаласында ұлы Абай сияқты қазақтың аса көрнекті тұлғаларына көше беріледі.

Қоғамдық кеңес мүшесі Тілеуғазы Нұркенов мемлекет және қоғам қайраткері Әбубәкір Тыныбаев атына елордадан көше беру қаншалықты қисынды болатынын сұрады.

– Әрине, Әбубәкір Тыныбаевтың еңбегі елге сіңді. Бұл кісі Талдықорған облысы партия комитетінің бірінші хатшысы, ҚазКСР Су шаруашылығы және мелиорация министрі болды. Оның құрметіне Сырдария өзеніндегі ірі гидроузелге аты берілді. Өзі туған Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентіндегі Садовая көшесі және Талдықорғандағы Белов көшесі Әбубәкір Тыныбаев болып қайта аталды. Алматы қаласының Әуезов ауданында да оның атында көше бар. Сондықтан Нұр-Сұлтан қаласында Тыныбаев атына көше беру қажеттілігі неден туындады? – деген сауал қойды Т.Нұркенов.

Оны әріптестері Нұрдәулет Оразханов, Жанат Нұрғалиев, Бауыржан Смайылов, Мейрамбай Оралов қолдады. «Әбубәкір Тыныбаевтың атына бірнеше қалада көшелер берілген екен. Бірақ бізде қазір бірде-бір көше берілмеген қоғам қайраткерлері, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне үлес қосқан басқа да азаматтар бар. Осындай адамдардың атына берсек, әділ болады деп ойлаймын, – деді Н.Оразханов.

Қорытындысында қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілігі Әбубәкір Тыныбаев атына көше берілуіне қарсы дауыс берді. Ал өзге ұсыныстар мақұлданды.

Қоғамдық кеңес мүшесі Леонид Те қазіргі жағдайға байланысты көшелерге атау беруді шегере тұру керек деп есептейтінін айта келе, көшелерге аттары берілетін тұлғалар қалай таңдалатынын сұрады. Осы мәселені түсіндірген кеңес төрағасы Сансызбай Есілов ұлттық санақтың өтуіне байланысты мамырдан бастап жарты жылға мораторий жарияланатынын жеткізді. Ал көшелерге атау беру мәселесін заңдық тұрғыдан реттеу керек екен. Мұны белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы айтты.

– Қазір ономастика мәселесі өзекті болып бара жатыр. Халықтың сұрақтары да көп. Бұрын мұны реттейтін тұжырымдама болған. Адам өмірден өткен соң, бес жылдан соң ғана атына көше берілетін. Бұл талап қазір жойылды. Бір кезде ғалымдар адам қайтқан соң есімі көшеге елу жылдан соң берілу керек деген ұсыныс айтқан. Себебі «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді қазақ. Яғни тұлға електен өту керек. Тұжырымдаманы әзірлеп, оған осы талапты қосу қажет. Халық арада қанша жыл өтсе де, нағыз тұлғаны төбесіне көтереді. Кезінде болған тұжырымдама Қонаев дәуіріндегі адамдармен шектелген. Оған Қонаевтың өзі кірмеген, – деді Д.Қамзабекұлы.

Ғалым былтыр елордада әл-Фараби атына көше берілгенін, алайда ол қаланың өнеркәсіптік аймағында орналасқанын, бұл дұрыс еместігін, соған қатысты наразылықтар келіп жатқанын жеткізді.

– Әл-Фараби – қазір қаладағы автобан сияқты үлкен даңғылдардың бірі. Сол маңайда оның атына көше ойластырылып берілді. Қаланың өсуіне байланысты бұл даңғыл әлі ұзарады, – деген уәж айтты бұл мәселе бойынша Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев.

Жиында алда түсінбеушіліктер болмау үшін қалалық ономастика комиссиясына қоғамдық кеңес мүшелерін қосу ұсынылды. Т.Қышқашбаев бұл ұсынысты қолдайтындарын жеткізді.











# 30 ЖЫЛДЫҚҚА – 30 АУЛА КЛУБЫ

**Нұр-Сұлтан қаласында аула клубтарын дамытуға ерекше маңыз беріліп отыр. Аула клубтарының басты мақсаты – балалар мен жастардың уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуге дәнекер болу, оның ішінде жетім балалар мен әлеуметтік жағынан осал отбасыларының балаларын бірінші кезекте қамту қарастырылған. Осы аптада елордада 26-аула клубы ашылды.**

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық. Алайда көп ата-ананың қолы қауырт тіршіліктен босамай, баласын қалдыруға орын таппай жатады. Ақылы үйірмелердің бағасы шарықтап тұр. Елордадағы өлмейтін бизнестің түрі де балаларға қосымша білім беру нысандары. Қалтасы көтермейтін көпбалалы отбасылар үшін үйінің жанындағы аула клубтарынан артық орын жоқ.

Биыл – күш атасы Қажымұқанның 150 жылдық мерейтойы. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұлан-ғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген бабамыздың ерлігі – жас ұрпаққа өнеге. Орасан күштің иесі бала күнінен қатарының алды болып, күрестен ешкімге дес бермей ауыл жұртының назарына ілігіпті. Бүгінгінің баласына аңыз әңгіме сияқты естілетін оның ерлік жолын жалғастыру – парыз. Осы орайда балуанның мерейтойына арнап Сарыарқа ауданында қаламыздағы жиырма алтыншы аула клубы ашылды. «Динамо» дене шынықтыру спорт қоғамы мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы бірлесіп ашқан жаңа аула клубы жетім балалар мен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған.

Жаңадан ашылған «Динамо» аула клубы «Қуат» спорт кешенінде орналасқан. Сарыарқа ауданының балаларына бос уақытын тиімді пайдаланатын спорт үйірмелерінің ашылуы үлкен қуаныш сыйлады. Ашылу салтанатына жиналған жасөспірімдердің жүзінен күлкі, жаттықтырушылардың дидарынан үміт ұшқыны байқалады. Ғимаратқа кіргенде қабырғаға ілінген олимпиада чемпиондары мен динамошылардың суреттері еңсеңді көтеріп, спорт нысанына келгеніңді есіңе салады. Ермұхан Ыбырайымов, Бақтияр Артаевтан бастап Әділбек Ниязымбетов, Данияр Елеусінов сынды батыр ұлдарымыздың жеңіс тұғырында тұрған сәттері тәрбиеленушілердің бойындағы «чемпион боламын» деген сенімді оятатындай.

Салтанатты жиынды Нұр-Сұлтан қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров ашып, бүлдіршіндердің қуанышына ортақ екенін жеткізді. «Қала басшысының тапсырмасына сәйкес аула клубтарының санын көбейтіп отырмыз. Аула клубтары тек қаланың орталығында ғана емес, шеткі аймақтарын да қамту керек. Бүгін 26-аула клубын аштық. Ал Сарыарқа ауданында 4-аула клубы ашылуда. Негізі, басты бағыт – аз қамтылған отбасылардағы балаларды ақысыз түрде спортқа дайындап, уақыттарын тиімді пайдалануға септігімізді тигізу» деді ол.

Одан әрі сөз кезегін алған «Динамо» дене шынықтыру спорт қоғамы төрағасының бірінші орынбасары Болат Рамазанұлы қала басшылығынан ұсыныс келген кезде қуана-қуана келіскендерін, болашақ ұрпақ бойына салауатты өмір салтын қалыптастырып, ел чемпиондарын дайындауға үлес қосу үлкен мәртебе екенін айтты.

Үш қабатты еңселі ғимараттың үш залы енді балаларға арналмақ. Қажетті құралдармен толықтай жасақталған клубта бокс, қоян-қолтық ұрыс, таэквондо секілді спорт секциялары, сондай-ақ тренажер залы жұмыс істейтін болады. Үйірмелерге 14 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қатыса алады. Қазіргі карантиндік жағдайға байланысты қатысушылар саны аз екен. Дегенмен алдағы уақытта «Динамо» аула клубынан балалардың қарасы үзілмейтініне сенеміз.

Айтпақшы, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай жыл соңына дейін елордада 30 аула клубын ашу жоспарланған.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 19.04.2021 №510-1336

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және «Әкімшілік ғимарат» объектісін жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы және Хусейін бен Талал көшесі қиылысының ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 5,5000 га жер учаскелері 2021 жылғы 3 тамыздан бастап 2022 жылғы 3 тамызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары** **Н. Нұркенов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «19» 04 №510-1336 қаулысына қосымша**

## Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі және жер пайдаланушы | Жер учаскесінің ауданы (га) | Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | 21-320-100-464 | Июдина Татьяна Ивановна | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Столичная көшесі, 87 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 2. | 21-320-100-1053 | "Almaz7capital" ЖШС | 444 | 444 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, 124 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 3. | 21-320-100-559 | Лутченко Анатолий Николаевич | 610 | 610 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, 222 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 4. | 21-320-100-582 | Кульбаев Марат Шуманович | 690 | 387 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №253 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 5. | 21-320-100-1054 | "Almaz7capital" ЖШС | 126 | 126 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, 124 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 6. | 21-320-100-541 | "Comfortnyi Gorod" ЖШС | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, 194 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 7. | 21-320-100-537 | Найденов Сергей Геннадиевич | 610 | 610 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, 190 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 8. | 21-320-100-467 | "Almaz7capital" ЖШС | 590 | 590 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, 92 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 9. | 21-320-100-298 | Сейтжапартегі Гүлзат Есімханқызы | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, 223 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 10. | 21-320-100-1049 | "Almaz7capital" ЖШС | 515 | 515 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №159 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 11. | 21-320-100-584 | Омарова Кайни Дарменбаевна | 650 | 243 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №255 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 12. | 21-320-100-065 | Ергешова Гулжас Коргамбайқызы | 670 | 367 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №249 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 13. | 21-320-100-461 | Ахаева Дана Абдысадыковна | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Столичная көшесі, 83 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 14. | 21-320-100-223 | Ващенко Александр Васильевич | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №220 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 15. | 21-320-100-306 | Рысбекова Кымбаткуль | 660 | 660 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №150 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 16. | 21-320-100-580 | Ващенко Валерий Васильевич | 590 | 412 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №251 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 17. | 21-320-100-1050 | "Almaz7capital" ЖШС | 85 | 85 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №159 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 18. | 21-320-100-585 | Каржаубаева Гульнархан Аралбаевна | 690 | 232 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №256 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 19. | 21-320-100-272 | Кетебаева Гульмира Хасановна | 700 | 63 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №259 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 20. | 21-320-100-507 | Соколов Дмитрий Геннадьевич, Соколова Евгения Викторовна | 597 | 486 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №148 участке | Бағбандық | Ортақ бірлескен меншік |
| 21. | 21-320-100-514 | Испаев Асылбек Оразаевич, Испаева Гульмира Вахитовна | 617 | 617 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №160 участке | Бағбандық | Ортақ бірлескен меншік |
| 22. | 21-320-100-492 | Алимоллаев Мурат Пурганут-динович | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №126 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 23. | 21-320-100-564 | "Comfortnyi Gorod" ЖШС | 650 | 548 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №228 гараж | Бағбандық | Жеке меншік |
| 24. | 21-320-100-489 | Москалик Александр Владимирович | 570 | 570 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №120 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 25. | 21-320-100-433 | Соколов Дмитрий Геннадьевич, Соколова Евгения Викторовна | 600 | 388 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Столичная көшесі, №50 участке | Бағбандық | Ортақ бірлескен меншік |
| 26. | 21-320-100-354 | Габидулин Владислав Владиславович | 610 | 610 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №156 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 27. | 21-320-100-300 | Крапивенцева Нина Егоровна | 590 | 590 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №188 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 28. | 21-320-100-583 | Ващенко Валерий Васильевич | 680 | 316 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №254 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 29. | 21-320-100-511 | Денисова Наталья Павловна | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №155 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 30. | 21-320-100-460 | Сатыбалды Жәнібек Жанатұлы | 590 | 203 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Столичная көшесі, №82 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 31. | 21-320-100-581 | Сатбаев Мадияр Талгатович | 680 | 437 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №252 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 32. | 21-320-100-222 | Алимоллаев Мурат Пурганут-динович | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №158 участке | Бағбандық | Ортақ үлестік меншік |
| 33. | 21-320-100-536 | Кирпичёв Денис Валерьевич | 610 | 610 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №189 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 34. | 21-320-100-1051 | "Almaz7capital" ЖШС | 244 | 244 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №157 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 35. | 21-320-100-1052 | "Almaz7capital" ЖШС | 366 | 366 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №157 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 36. | 21-320-100-200 | Пашовкин Олег Викторович | 665 | 665 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №161 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 37. | 21-320-100-020 | Карапищенко Владимир Григорьевич | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №183 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 38. | 21-320-100-560 | Нуржанова Зауре Саргалиевна | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №224 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 39. | 21-320-100-587 | Жумалина Жанар Канашевна, Омаров Темир Хаиркешевич | 710 | 14 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №260 участке | Бағбандық | Ортақ бірлескен меншік |
| 40. | 21-320-100-485 | Нурмаганбетова Майя Булатовна | 615 | 612 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №116 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 41. | 21-320-100-538 | Кенжеғали Серикқали Кенжеғалиұлы | 570 | 570 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №191 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 42. | 21-320-100-539 | "Капитал Энерго Строй" ЖШС | 630 | 630 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №192 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 43. | 21-320-100-562 | Умбетов Аульбек Сихинбаевич | 610 | 608 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №226 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 44. | 21-320-100-213 | "Almaz7capital" ЖШС | 650 | 650 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №127 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 45. | 21-320-100-510 | Райсих Евгений Александрович | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №188 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 46. | 21-320-100-532 | Асилов Съезбек Талипович | 590 | 590 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №182 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 47. | 21-320-100-579 | Шалимбетова Зауреш Керимкуловна | 680 | 515 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Солнечная көшесі, №250 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 48. | 21-320-100-563 | Соколов Дмитрий Геннадьевич, Соколова Евгения Викторовна | 590 | 550 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №227 участке | Бағбандық | Ортақ бірлескен меншік |
| 49. | 21-320-100-316 | Алимоллаев Мурат Пурганут-динович | 580 | 580 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №125 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 50. | 21-320-100-535 | Аяпов Мади Таймасович | 586 | 586 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №187 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 51. | 21-320-100-540 | "Капитал Энерго Строй" ЖШС | 640 | 640 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №193 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 52. | 21-320-100-491 | Чулухадзе Мераби Ильич | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №123 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 53. | 21-320-100-465 | Мирошниченко Ольга Николаевна, Михайленко Николай Антонович | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №90 участке | Бағбандық | Ортақ үлестік меншік |
| 54. | 21-320-100-531 | Нурбекова Шолпан Алкеновна | 570 | 362 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №181 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 55. | 21-320-100-059 | Кауат Меруерт | 590 | 590 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, №154 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 56. | 21-320-100-561 | Усибалиев Айтхан Сманович | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №225 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 57. | 21-320-100-488 | Золотухин Евгений Николаевич | 580 | 580 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №119 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 58. | 21-320-100-484 | Азанхан Жандос, Хайратбек Есенгул | 595 | 46 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №115 участке | Бағбандық | Ортақ үлестік меншік |
| 59. | 21-320-100-509 | Бибосынов Кыдырбек Бибосынович | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №152 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 60. | 21-320-100-860 | Жылкыбаев Есенбай Каркынбаевич | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Столичная көшесі, №88 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 61. | 21-320-100-558 | Хасенова Кайыржан Назировна | 620 | 620 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №221 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 62. | 21-320-100-328 | Ибраев Жан Маратулы | 580 | 580 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Рябиновая көшесі, №149 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
| 63. | 21-320-100-363 | Исмагулов Канат Айткулович | 600 | 600 | Нұр-Сұлтан қаласы, "Есіл" ауданы, «Зеленая поляна» БУИТК, Сосновая көшесі, №218 участке | Бағбандық | Жеке меншік |
